

**Бурабай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № а-1/25 "Бурабай ауданында 2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № а-9/586 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қазанда № 3859 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі Заңының 1 бабы 34 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бурабай ауданы әкімдігінің «Бурабай ауданында 2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2013 жылғы 8 қаңтардағы № а-1/25 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3639 болып тіркелген, 2013 жылғы 7 ақпандағы аудандық «Луч» және «Бурабай» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспесінде «Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына» сөздері «Заңына» сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданының әкімі*

*Н. Нұркенов*